

**«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ
жанындағы медицина колледжі**

Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы



ЖҰМЫС ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Пән коды: ЭЕП 01

Пәні: «Денсаулық сақтаудағы кәсіби қызметті құқықтық қамтамасыз ету және экономика негіздері»

Мамандығы: 09110200 «Ортопедиялық стоматология»

Біліктілігі: 4S09110201 «Тіс техникі»

Оқу сағатының/кредиттің көлемі: 24/1

Теория: 24 с.

Курс: 2

Семестр: 1.


Бақылау түрі: с/сынақ.

Шымкент, 2025 ж

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Жұмыс оқу бағдарламасы		14 беттің 2 беті


«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасының мәжілісінде қаралды.

Хаттама № 1 «27» 08 2025 ж.

Кафедра меңгерушісі:  А.Т. Сатаев


«Жалпы білім беретін пәндер» Пәндік циклдік комиссия мәжілісінде қаралды.

Хаттама № 1 «27» 08 2025 ж.

Төрайымы:  Г.Т. Анапияева

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ жанындағы
медицина колледжінің Әдістемелік Кеңесінде қаралды және бекітілді.

Хаттама № 1 «27» 08 2025 ж.

Төрайымы:  Г.О.Мамбеталиева

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Жұмыс оқу бағдарламасы		14 беттің 3 беті

1.1. Кіріспе.

«Денсаулық сақтаудағы экономика және құқық негіздері» гуманитарлық пәндер жүйесінде ерекше орын алады, себебі, екі ғылымды-экономикалық және құқықтық білімдерді қамтиды. Пән нарықтық экономиканы қалыптастыру жағдайындағы құқық рөлін зерттейді. Пән болашақ дәрігерлерге әлеуметтік-экономикалық мәселелерге, мінездемелі сұрақтарға бейімделуге көмектесуге арналған, сондай-ақ адамның экономикалық қызметке қатысуға дайындығын көрсету қабілетін, қоғамдық өмірді құқықтық реттеу тетіктері мен құралдарын пайдалану мүмкіндігін сипаттайды.

1.2. Пәннің мақсаты: қоғам дамуының экономикалық және құқықтық заңдылықтары мен оның тиімді қызмет етуінің мәселері туралы білім жүйесін қалыптастыру

1.3. Оқытудың міндеттері:

Осы пәнді оқып-үйренудің нәтижесінде білім алушылар келесілерді білуі қажет:

- Экономикалық теория негіздері саласында білімді;
- Экономикалық мәселелерін жеке қалыптастыру мен шешуді білу;
- Іс-жүзінде экономикалық теорияның негізгі ережелерін қолдану дағдысын;
- Экономикалық теорияның болашақтағы даму бағыты мен жинақталған халықаралық тәжірибеде хабардарлықты таныту.
- ҚР экономикалық және құқықтық қатынастар ерекшеліктерін анықтау;
- Экономика және құқық саласындағы нормативтік-құқықтық базаның ерекшеліктерін анықтау.

1.4. Оқытудың соңғы нәтижелері:

Пәнді меңгеру барысында білім алушылар біледі:

- 1) Құқықтық және экономикалық мәселелер бойынша ғылыми мұрада жинақталған негізгі теориялық көзқарастарды білуін көрсету;
- 2) Кәсіби саладағы мемлекеттік-құқықтық және экономикалық проблемаларды анықтау үшін зерттеу жүргізу және талқылау үшін нәтижелерді таныстыру;
- 3) Құқықтық және экономикалық процестердің ерекшеліктерін, олардың қазақстандық қоғамды модернизациялаудағы рөлі тұрғысынан талдау;
- 4) Негізгі экономикалық және құқықтық білімді медицина саласындағы арнайы терминология арқылы көрсету;

Меңгереді:

- 5) Ұлттық және әлемдік экономика жайлы анықтама, әдебиеттер табу және қолдануды;
- 6) Өз азаматтық айқындамасын көрсетуді;

Дағдысын қалыптастырады:

- 7) Қазақстанның экономикалық құқықтық даму ерекшеліктерін талдауды;

Қүзіретті:

- 8) Қойылған мақсаттарды жүзеге асыруға кедергі болатын проблемаларды шешуге дайын болу;
- 9) Өз ісін таңдау әдістері, шешім қабылдау, өзін-өзі бақылау және бағалау;

1.5. Реквизитке дейінгі: Қазақстан тарихы

1.6. Реквизиттен кейінгі: Анатомия, Физиология.

1.7. Пәннің үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны.

1. Бөлім. «Экономика теория негіздері».

1.1. Тақырып. Экономикалық теорияның пәні мен әдістері.

Экономикалық теорияның пәні нарықтық шаруашылықты талдау. Нарық тиімділік проблемасын шешеді: яғни шектеулі ресурстарды пайдалана отырып, шексіз қоғам қажеттіліктерін жоғары дәрежеде қамтамасыз ету. Экономикалық теория материалдық игіліктерді өз қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатымен, оларды пайдалану үшін

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы Жұмыс оқу бағдарламасы		73-11-2025 14 беттің 4 беті

бәсекелестік туғызатын жағдайда, шектеулі ресурстар мен өндіру, бөлу, айырбастау және тұтыну кезеңіндегі адамдар мен топтардың әрекетін зерттейтін қоғамдық ғылым.

1.2. Тақырып. Қоғамдық өндіріс және оның құрылымы.

Қоғамдық өндіріс мәселесі экономикалық теорияның бастапқы негізін құрайды. Адамзат баласының тіршілігінің негізін қалайтын да қоғамдық өндіріс. Ол материалдық игіліктерді өндіру, бөлу, айырбас және тұтыну процесін қамтиды.

2. Бөлім. Микроэкономика негіздері

2.1. Тақырып. Экономикалық институттар: меншік және кәсіпкерлік.

Қоғам өмірінде меншікке байланысты қатынастар әрқашан маңызды рөл атқарған. Меншік – қоғамдық құрылыстың экономикалық негізі – қоғамдық бастаулардың негізіне жатады. Сондықтан әрбір мемлекет меншік туралы заңдар қабылдап, оны қорғайды. Экономикалық мағынасында меншік бүкіл шаруашылық процесін қамтып, пайдалы игіліктер мен қызметтерді өндіру, бөлу, айырбастау мен тұтыну қатынастарын білдіреді.

3. Бөлім. Нарық және оны реттеу механизмдері.

3.1. Тақырып. Нарық: түрлері, құрылымы, үлгілері.

Нарық – бұл экономикалық проблемаларды тиімді шешуді қамтамасыз ететін тауарларды өндіру және оларды ақшаның көмегімен айырбастау процесінде туындайтын экономикалық қарым-қатынастардың жиынтығы, шаруашылықты ұйымдастыру формасы.

3.2. Тақырып. Сұраныс пен ұсыныс.

Сұраныс – деп белгілі бір уақыт аралығында тиімді бағаға сатылып алынуы тиіс тауардың мөлшері деп аталады. Сонымен, сатып алушының ақша қаражатымен қамтамасыз етілген қажеттілік сұраныс немесе төлем қабілеттілік деп аталады. Ұсыныс – бұл өндірушілердің сату үшін нарықта ұсынатын тауарларының мөлшері. Баға неғұрлым жоғары болса, өндірушілер нарыққа өнімнің көлемін соғұрлым көп әкелгісі келеді және керісінше.

4. Бөлім. Ұлттық экономиканың қызмет етуінің заңдылықтары

4.1. Тақырып. Жүйе ретіндегі. Ұлттық экономика.

Ұлттық экономика құрылымын қарастыруды қоғамдық өндіріс құрылымы түсінігін анықтаудан бастаған жөн. Қоғамдық өндіріс құрылымы деп отырғанымыз, сол мерзімде экономикада әр қилы факторлар ықпалымен, қоғамдық еңбек бөлінісі мен қоғамдық ұдайы өндіріс пропорцияларын сипаттайтын салалардың арақатынасы.

4.2. Тақырып. Экономикалық тепе-теңдік және экономикалық өсу.

Ұлттық экономиканың негізгі құрылымдық бөлігі материалдық өндіріс, онда өмірге және қоғамның дамуына қажетті өндіріс құрал-жабдықтары мен тұтыну заттары өндіріледі. Материалдық өндіріске өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, құрылыс, көлік, байланыс және т. б. жатады.

I Бөлім. Мемлекет пен құқық туралы, мемлекеттік - құқықтық құбылыстар туралы негізгі ұғымдар.

1.1. Мемлекет туралы негізгі түсініктер. Мемлекет пен құқықтық негізгі белгілері.

Мемлекеттің шығу тегі туралы алғы шарттар. Мемлекеттің пайда болуы туралы негізгі теориялар. Мемлекеттің батыстық (Еуропалық) және шығыстық (Азиялық) даму жолы. Мемлекеттің функциялары мен түрлері.

II Бөлім. Негізгі құқық салалары

2.1. Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы – жетекші құқық саласы.

Конституциялық құқық – Қазақстан республикасының қолданыстағы құқығының жетекші саласы, жергілікті өзін өзі басқару органдарының және билік органдарының жүйесінің құқықтық нормалар жиынтығы. Конституциялық құқықтық нормалар мен оның түрлері. Құқықтық институттар.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Жұмыс оқу бағдарламасы		14 беттің 5 беті

Қазақстан Республикасы конституциялық құқығының қайнар көзі дегеніміз – конституциялық құқықтық нормаларды қамтитын қолданымдағы нормативтік – құқықтық актілердің жиынтығы.

Қазақстан Республикасының конституциялық құқығын оқытуға – жеке тұлғаның мәртебесі жеке тұлға мен мемлекет, мемлекет егемендігін, биліктің бөлінуі, басқару формасы, мемлекеттік құрылыс, азаматтылықтың жалпы сұрақтары кіреді.

ҚР конституциялық құрылысы ұғымы. ҚР - құқықтық, әлеуметтік, зайырлы, демократиялық мемлекет. Республикалық басқару формасы.

Мемлекеттік құрылыстың унитарлық формасы. ҚР-президенттік басқару нысанындағы біртұтас мемлекет. Заң – шығарушы билік негізгі – парламент.

Атқарушы билік органы жүйесі. Конституциялық Кеңес – конституциялық бақылау органы. ҚР сайлау құқығы ұғымы мен жүйесі. Сайлау жүйесі мен ұғымы түрлері. ҚР сайлау жүйесі.

2.2. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқығының негіздері. Әкімшілік құқық пәні, әдістері және жүйесі. Әкімшілік-құқықтық нормалар ұғымы және түрлері, оларды жүзеге асыру. Әкімшілік құқықтың қайнар көздері. Әкімшілік құқық субъектілері. Түсінігі мен және олардың түрлері. Әкімшілік жазалар. Атқарушы органдардың құқықтық мәртебесі және ұғымы. Атқарушы билік саласындағы Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігі Қазақстан Республикасының Үкіметі. Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет принциптері және ұғымы. әкімшілік-саяси саланы басқару.

2.3. Әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылық.

Сыбайлас -жемқорлыққа қарсы күрес туралы ҚР Заңы. Негізгі ұғымдары. Сыбайлас жемқорлықпен байланысты құқықбұзушы субъектілер. Сыбайлас – жемқорлыққа қарсы күрес туралы ҚР Заңын қолданатын сала аясы «ҚР мемлекеттік қызметкерлерінің ар – намыс кодексі» сақталуы. Әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін әкімшілік жауаптылық (30 АЕК)

2.4. Қазақстан Республикасының азаматтық және отбасы құқығының негіздері.

Азаматтық құқығы ұғымы. Азаматтық құқықтық қатынастың ұғымы мен түрлері. ҚР азаматтық құқығы қайнар көздері. Азаматтар азаматтық құқықтың субъектісі ретінде. Азаматтардың құқықтық қабілеттілігі. Азаматтардың әрекет қабілеттілігінің түсінігі және түрлері. Заңды тұлғалар азаматтық құқықтың субъектісі ретінде, олардың түрлері. Мемлекет азаматтық құқықтық қатынастардың қатысушысы ретінде.

Азаматтық құқықтағы жауаптылық. Тұтынушылардың құқықтары және оларды қорғау. Тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы мемлекеттік реттеу . тұтынушылардың қоғамдық бірлестіктері.

Мәмілелер және азаматтық құқықтардың пайда болуының өзге де негіздері. Мәміле түрлері. Мәмілені тіркеу. Жарамсыз мәмілелер және жарамсыздықтың салдары. Меншік құқығы ұғымы және түрлері. Шарт ұғымы. ҚР- дағы мемлекеттік және жеке меншік. Интеллектуалдық меншік ұғымы. Авторлық құқық ұғымы. Интеллектуалдық меншіктің құқықтық ережелері. Жеке меншікті қорғаудағы азаматтық құқық институттары. Міндеттелген құқық негіздері. Міндет түрлері мен ұғымы. Міндеттемелерді қамтамасыз ету жолында жалпы сипаттамасы. Шарт міндеттеменің негізі ретінде. Азаматтық – құқықтық міндеттемелерді орындамағаны үшін жауапкершілік.

Отбасылық құқық ұғымы. Некелік-отбасылық құқықтар мен міндеттер. Оларды жүзеге асыру. Неке отыру шарттары. Некені бұзу және тоқтату. Ерлі-зайыптылардың құқықтары мен міндеттері. Ерлі зайыптылардың мүліктік құқықтары. Некелік келісім-шарт. Ата – ана

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Жұмыс оқу бағдарламасы		14 беттің 6 беті

мен балалар құқығы мен міндеттері. Неке шарты. Бала асырап алу. Қорғаншылық және қамқоршылықтың жалпы түсінігі. Алименттерді төлеу тәртібі.

2.5. Қазақстан Республикасының еңбек және әлеуметтік қамтамасыз ету құқығы негіздері. Еңбек құқығы ұғымы. Ұжымдық және еңбектік шарт. Жұмыс уақыты. Демалыс уақыты. Кәмелетке толмағандарды жұмысқа қабылдаудың ерекшеліктері. Еңбек қызметін дәлелдейтін құжаттар. Еңбек шартын тоқтату. Еңбекті қорғау. Еңбектік тәртіп. Материалдық жауапкершілік. Еңбектік даулар. Әлеуметтік қамтамасыз ету құқығы түсінігі, қайнар көздері. Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамтамасыз етудің құқықтық негіздері. Ортақтасқан және жинақтаушы зейнетақы жүйесі. Жәрдемақы түсінігі және түрлері. Төлемдерді тағайындауды құқықтық қамтамасыз ету. Міндетті әлеуметтік сақтандырудың құқықтық негізі.

2.6. Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы.

ҚР қылмыстық құқығының негіздері. Қылмыстық құқық материалдық құқықтың басты саласы ретінде. Оның ұлттық құқық жүйесіндегі орны, құқықтық мемлекетті нығайту негізіндегі маңызы мен ролі. Қылмыстық құқықтың мақсаттары мен қағидалары. Қылмыс ұғымы мен оның белгілері. Қылмыстың құрамы. Мемлекетті басқару және мемлекеттік қызмет мүдделері үшін сыбайлас жемқорлық пен өзге қылмыстар. Қылмыстық жауапкершілік. Қылмыстық жаза . кәмелетке толмаған балалардың қылмыстық жауапкершілігі.

2.7. Мемлекеттік басқару мен мемлекеттік қызметтегі сыбайлас жемқорлық пен басқа да қылмыстар.

Қазақстанда сыбайлас жемқорлықпен күрестің заңдық негіздері. Сыбайлас жемқорлық қылмыстарымен күресу саласындағы мемлекеттік саясат. Сыбайлас жемқорлықпен күрес қағидалары. Сыбайлас жемқорлық қылмыстарының субъектілері. Сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін жауаптылық.

2.8. Қазақстан Республикасындағы сот жүйесі және құқық қорғау органдары. Құқық қорғау органдары: сот, төрелік сот, Конституциялық сот (Қазақстанда Конституц кеңес), прокуратура, ішкі істер органдары, мемлекеттік қауіпсіздік (Қазақстанда Ұлттық қауіпсіздік), кедендік бақылау, әділер органдары. ҚР прокуратурасының жүйесі, құрылымы, қызметі.

Құқық қорғау органдары ұғымы бірқатар беймемл. институттары: адвокатураны, нотариат. Заңдық көмек түсінігі және түрлері. ҚР сот және сот төрелігі.

1.7.1. Пәннің тақырыптық жоспары

№	Тақырыбы	Қысқаша мазмұны	Сағат саны
	1.Бөлім. «Экономика теория негіздері»		
1.	Экономикалық теорияның пәні мен әдістері. Қоғамдық өндіріс және оның құрылымы	Экономикалық теорияның пәні нарықтық шаруашылықты талдау. Нарық тиімділік проблемасын шешеді: яғни шектеулі ресурстарды пайдалана отырып, шексіз қоғам қажеттіліктерін жоғары дәрежеде қамтамасыз ету. Экономикалық теория материалдық игіліктерді өз қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатымен, оларды пайдалану үшін бәсекелестік туғызатын жағдайда, шектеулі ресурстар мен өндіру,	2

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Жұмыс оқу бағдарламасы		14 беттің 7 беті

		бөлу, айырбастау және тұтыну кезеңіндегі адамдар мен топтардың әрекетін зерттейтін қоғамдық ғылым. Қоғамдық өндіріс мәселесі экономикалық теорияның бастапқы негізін құрайды. Адамзат баласының тіршілігінің негізін қалайтын да қоғамдық өндіріс. Ол материалдық игіліктерді өндіру, бөлу, айырбас және тұтыну процесін қамтиды.	
	2.Бөлім. «Микроэкономика негіздері»		
2.	Экономикалық институттар: меншік және кәсіпкерлік	Қоғам өмірінде меншікке байланысты қатынастар әрқашан маңызды рөл атқарған. Меншік — қоғамдық құрылыстың экономикалық негізі — қоғамдық бастаулардың негізіне жатады. Сондықтан әрбір мемлекет меншік туралы заңдар қабылдап, оны қорғайды. Экономикалық мағынасында меншік бүкіл шаруашылық процесін қамтып, пайдалы игіліктер мен қызметтерді өндіру, бөлу, айырбастау мен тұтыну қатынастарын білдіреді.	2
3.	Қоғамдық шаруашылықтың нысандары. Тауарлы өндіріс. Ақша	Өндірісті экономикалық ұйымдастырудың тарихи бірінші нысаны — натуралды шаруашылық. Натуралды шаруашылық дегеніміз - өндірушілер өнімді айырбасқа емес, өз қажеттіліктерін өтеу үшін ұйымдасатын шаруашылық. Еңбек өнімі өндірушінің жеке басының қажетін қанағаттандыруға арналады да, ол тұтынушының қолына тікелей бөлу жолымен тиеді. Тауарлы өндірістің шығу себебі жеке меншік және шаруашылық қатынастары арқылы өндірушілердің бір-бірінен экономикалық жағынан оқшаулануы нәтижесінде өз еңбектерінің өнімдеріне өздері болып нарыққа сатуға шығады. Ақша тауарлы шаруашылықта адамдардың қоғамдық қатынасын бейнелейді. Яғни, ақша зат емес, адамдардың арасындағы өндірістік қатынас.	2
	3.Бөлім. «Нарық және оны реттеу механизмдері»		
4.	Нарық: түрлері, құрылымы, үлгілері	Нарық—бұл экономикалық проблемаларды тиімді шешуді қамтамасыз ететін тауарларды	2

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Жұмыс оқу бағдарламасы		14 беттің 8 беті

	Сұраныс пен ұсыныс	өндіру және оларды ақшаның көмегімен айырбастау процесінде туындайтын экономикалық қарым-қатынастардың жиынтығы, шаруашылықты ұйымдастыру формасы. Сұраныс – деп белгілі бір уақыт аралығында тиімді бағаға сатылып алынуы тиіс тауардың мөлшері деп аталады. Сонымен, сатып алушының ақша қаражатымен қамтамасыз етілген қажеттілік сұраныс немесе төлем қабілеттілік деп аталады. Ұсыныс-бұл өндірушілердің сату үшін нарықта ұсынатын тауарларының мөлшері. Баға неғұрлым жоғары болса, өндірушілер нарыққа өнімнің көлемін соғұрлым көп әкелгісі келеді және керісінше.	
	4.Бөлім. «Ұлттық экономиканың қызмет етуінің заңдылықтары»		
5.	Жүйе ретіндегі. Ұлттық экономика Экономикалық тепе-теңдік және экономикалық өсу	Ұлттық экономика құрылымын қарастыруды қоғамдық өндіріс құрылымы түсінігін анықтаудан бастаған жөн. Қоғамдық өндіріс құрылымы деп отырғанымыз, сол мерзімде экономикада әр қилы факторлар ықпалымен, қоғамдық еңбек бөлінісі мен қоғамдық ұдайы өндіріс пропорцияларын сипаттайтын салалардың арақатынасы. Ұлттық экономиканың негізгі құрылымдық бөлігі материалдық өндіріс, онда өмірге және қоғамның дамуына қажетті өндіріс құрал-жабдықтары мен тұтыну заттары өндіріледі.	2
6.	Мемлекеттік реттеу: маңызы, мақсаттары; құралдары Халықаралық экономикалық қатынастар. Сыртқы экономикалық қызметті реттеу.	Тікелей мемлекеттік басқару – жекелеген салаларды, объектілерді толықтай немесе жартылай басқаруды, экономика мен қоғам қауіпсіздігін қамтамасыз ететін салаларды мемлекет тарапынан қолдауды талап етеді.	2
	Аралық бақылау №1	1-6 тақырыптар бойынша тест тапсырмалары, жазбаша түрде бақылау жұмысы.	2
7.	Құқықтың қайнар көздері мен жүйесі Қазақстан Республикасының Конституциясы – негізгі заңы	Құқықтың қайнар көздері – бұл құқықтық нормалар бекітілген ресми құжаттар. Негізгі қайнар көздерге Конституция, заңдар, нормативтік-құқықтық актілер, сот шешімдері, құқықтық әдет-ғұрыптар	2

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Жұмыс оқу бағдарламасы		14 беттің 9 беті

		жатады. ҚР Конституциясы – еліміздің ең жоғарғы заң күші бар нормативтік актісі, барлық заңдар мен құқықтық актілер соған негізделіп қабылданады. Ол азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, мемлекеттің құрылымын және қызметін анықтайды.	
8.	Қазақстан Республикасының мемлекеттік құрылымы Қазақстан Республикасының Азаматтық құқық негіздері. Қазақстан Республикасының Еңбек құқығы негіздері.	Мемлекеттік құрылым – Қазақстан унитарлы мемлекет, президенттік басқару нысанындағы республикалық жүйеге ие. Мемлекеттік билік заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөлінеді. Азаматтық құқық – мүліктік және мүлікке байланысты жеке қатынастарды реттейді. Еңбек құқығы – қызметкерлер мен жұмыс берушілер арасындағы еңбек қатынастарын реттейтін құқық саласы.	2
9.	ҚР әкімшілік құқық негіздері ҚР қылмыстық құқық негіздері. жүргізу және	Әкімшілік құқық – мемлекеттік басқару саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейтін құқық саласы. Әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін жазалар: ескерту, айыппұл, әкімшілік қамау. Қылмыстық құқық – қоғамға қауіпті іс-әрекеттерді (қылмыстарды) және олар үшін қолданылатын жазаларды анықтайды. Қылмыстар: ауырлығы бойынша жеңіл, орташа, ауыр және аса ауыр деп бөлінеді.	2
10.	Қазақстан Республикасының экологиялық құқық негіздері.	Экологиялық құқық – табиғатты қорғау мен табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану саласындағы құқықтық қатынастарды реттейді. Бұл құқық саласы қоршаған ортаны ластау, заңсыз ағаш кесу, браконьерлік сияқты әрекеттерге қарсы құқықтық жауапкершілікті белгілейді.	2
11	Қазақстан Республикасының жер құқығы негіздері.	Жер құқығы – жерді иелену, пайдалану, жалға алу және қорғау қатынастарын реттейтін құқық саласы. Жер ресурстары – мемлекеттік меншік.	2
	Аралық бақылау №2	7-11 тақырыптар бойынша тест тапсырмалары, жазбаша түрде бақылау жұмысы.	2
12	Қазақстан Республикасының Құқық қорғау органдарын ұйымдастыру және қызметінің негіздері.	Құқық қорғау органдары – қоғамдық тәртіпті сақтау, құқық бұзушылықтың алдын алу және заңның орындалуын бақылау функцияларын атқаратын мемлекеттік органдар. Бұларға полиция,	2

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Жұмыс оқу бағдарламасы		14 беттің 10 беті

	прокуратура, соттар, ҰҚК және сыбайлас жемқорлыққа қарсы агенттік жатады. Олардың қызметі Конституция мен арнайы заңдармен реттеледі.	
Барлығы:		24

Оқытудың жоспарланған нәтижесін бақылау.

Бақылау білім алушылардың пән бойынша бағдарламалық материалдың мазмұнын қалыптастыру деңгейін анықтауға бағалау мақсатында, негізгі нысандар бойынша бақылау жұмысы, сынақ өткізуді қарастырады.

1.8. Пәнді оқытудың түрлері мен әдістері:

-Теориялық сабақтар — мәселелік, ақпараттық, әңгіме, дәріс-презентация, Аудиториямен кері байланыс дәріс тақырыптары бойынша студенттермен, әңгіме, ауызша сұрау, тест тапсырмаларын шешу, тақырып сұрақтарын талқылау; шағын топпен жұмыс, пікірталас, ситуациялық тапсырмаларды шешу, презентация, карточкалармен жұмыс.

1.9. Білім алушылардың білімдері мен дағдыларын бағалау:

-Ауызша сұрақ жауап, презентация, рөлдік ойындар, мәтінмен жұмыс, жаттығу жұмыстары, эссе жазу.

Теориялық сабақтар: ауызша сұрау, әңгіме, презентация, шағын топпен жұмыс, жазбаша жұмыс.

Білімді бағалау критерийлері мен ережелері:

Ағымдық бақылау: ауызша сұрақ жауап жүйесінде жүргізіледі.

Аралық бақылау: тестілеу, сұрақ жауап 6 және 11 аптасында өткізіледі.

Қорытынды бақылау: - Білім алу нәтижелерінің суммарлық бағалануы пәннің бағдарламасына (силлабусқа) сай қойылған ағымды бағалар негізінде жүргізіледі.

«Платонус» бағдарламасымен жіберілу рейтингі (ағымды және аралық бақылаулардың орта балы) автоматты түрде есептелініп, бағалы сынаққа жіберіледі. Бағалы сынақ бағасын пән оқытушысы кесте бойынша «Платонус» ААЖ-ға қояды.

Теориялық сабақты бағалау тәртібі:

Әріптік жүйемен бағалау	Баллдың сандық эквиваленті	Пайыздық өлшем	Дәстүрлі жүйемен бағалау
A	4,00	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,00	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	Қанағаттанарлық
C	2,00	65-69	
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	Қанағаттанарлықсыз
D	1,00	50-54	
F	0,00	0-49	

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Жұмыс оқу бағдарламасы		14 беттің 11 беті

1.10 Пәннің оқыту нәтижелерін бағалау критерийлері

ОН №	Оқыту нәтижелерін атауы	Қанағаттанарлықсыз	Қанағаттанарлық	Жаксы	Өте жаксы
БҚ1.1	Өзін-өзі дамыту: оқуды ұзақ мерзімді жоспарлау, кәсіби өсу дағдыларын меңгерген.	Сабаққа дайындалмаған, ізденбегені үшін қойылады.	Сабақтың тақырыбын, мақсатын, мазмұнын білгені үшін қойылады.	Оқытылатын пәннің заңдылықтары мен негізгі фактілерін, даталарының хронологиялық реттілігін сипаттап бергені үшін қойылады.	Білім алушы оқытылатын пәннің заңдылықтары мен негізгі тарихи фактілерін өздігінен ізденіп, даталарының хронологиялық реттілігін ұғынып, ізденген білімі үшін қойылады.
БҚ1.2	Сыни ойлау және шешім қабылдау: мәселелерді және ықтимал шешу жолдарын анықтайды, гипотезаны тексереді және оқиғалардың ықтималдығын бағалайды, қортынды жасайды және негізделген шешімдерді қабылдайды.	Алынған білімді қолданбағаны үшін	Оқу пәні бойынша аудитория алдында айта білгені үшін бағаланады	Оқу пәні бойынша аудитория алдында айта білу дағдыларын көрсеткені және оқиғалардың ықтималдығын сипаттағаны үшін қойылады	Оқу пәні бойынша аудитория алдында айта білу дағдыларын көрсеткені және оқиғалардың ықтималдығын бағалап қорытынды жасағаны үшін қойылады
БҚ 2.1	Қоғамдық өмір: қоғамдық	Топпен жұмыс істеу дағдысын	Топпен жұмыс істеу дағдысын	Топпен қарым-қатынас	Аудиториямен қарым-қатынас және өзара

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Жұмыс оқу бағдарламасы		14 беттің 12 беті

БҚ 3.1	өмірге белсенді қатысады. Коммуникативтік дағдылар: жағдайды ескере отырып, әртүрлі адамдармен тиімді қарым-қатынасты көрсетеді. Топпен жұмыс істеу дағдысын қолданғаны, алған білім негізінде оқу экспериментін жүргізгені үшін қойылады.	қолданады, ал айда алған білімін тиімді көрсете алмағаны үшін қойылады.	қолданғаны, алған білім негізінде оқу экспериментін жүргізгені үшін қойылады. Іздеу және өңдеу барысында алынған ақпаратты басқа пайдаланушыларға жеткізе алады.	және өзара әрекеттесуді қамтамасыз еткені үшін, ана тілі мен басқада тілдік білімі үшін қойылады. Өзін-өзі үздіксіз дамытуға және дамуға қабілетті болғаны үшін, ақпараттарды талдап және қорытындылап, алынған ақпаратты басқа пайдаланушыларға жеткізе алғаны үшін қойылады.	әрекеттесуді қамтамасыз ететін ана тілі мен басқада тілдік білімін көрсеткені үшін қойылады. Өзін-өзі үздіксіз дамытуға және дамуға қабілетті болғаны үшін, ақпараттарды талдап және қорытындылап, алынған ақпаратты басқа пайдаланушыларға жеткізе алғаны үшін қойылады.
--------	--	---	--	--	---

Аралық бақылауды бағалау критерийлері

Бақылау түрі	Бағалау	Бағалау критерийлері
Жазбаша, ауызша	Өте жақсы А (4,0; 95-100%); А- (3,67; 90-94%) бағаларына сәйкес келеді	Егер білім алушы жауап беру кезінде ешқандай қателіктерді жібермеген жағдайда қойылады. Оқылатын пән бойынша теорияларға, тұжырымдамаларға және бағыттарға сүйенеді және оларға сыни бағасын береді, басқа пәндердің ғылыми жетістіктерін қолданады.
	Жақсы В+ (3,33; 85-89%); В (3,0; 80-84%) В- (2,67; 75-79%) бағаларына сәйкес келеді	Егер білім алушы жауап беру кезінде өрескел қателіктер жібермесе, принципіальды емес немесе студенттердің өздері түзеген принципіальды қателер жіберсе, оқытушының көмегімен бағдарламалық материалды жүйелей алған жағдайда қойылады.
	Қанағаттанарлық	Егер білім алушы жауап беру кезінде нақты емес

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Жұмыс оқу бағдарламасы		14 беттің 13 беті

C+ (2,33; 70-74%) C (2,0; 65-69%) C- (1,67; 60-64%) D+ (1,0; 50-54%) бағаларына сәйкес келеді	және принципіальды қателер жібергенде, оқытушы көрсеткен оқу әдебиеттермен шектелсе, материалды жүйелеуде үлкен қиындықтарға кездескен жағдайда қойылады.
Қанағаттанарлықсыз F (0; 0-49%) бағаларына сәйкес келеді	Егер білім алушы жауап беру кезінде принципіальды қателіктер жіберсе, сабақ тақырыбы бойынша негізгі әдебиеттермен жұмыс жасамаса, пәннің ғылыми терминологиясын қолдана алмаса, өрескел стилистикалық және логикалық қателіктермен жауап берген жағдайда қойылады.

Сынамалы сынақты жазбаша, ауызша, түрінде бағалау критерийлері

Бақылау типі	Баға	Бағалау критерийлері
Жазбаша, ауызша	Өте жақсы A (4,0; 95-100%); A-(3,67; 90-94%)	Егер білім алушы жауап беру кезінде ешқандай қателіктерді жібермеген жағдайда қойылады. Оқылатын пән бойынша теорияларға, тұжырымдамаларға және бағыттарға сүйенеді және оларға сыни бағасын береді, басқа пәндердің ғылыми жетістіктерін қолданады.
	Жақсы B+ (3,33; 85-89%); B (3,0; 80-84%) B- (2,67; 75-79%)	Егер білім алушы жауап беру кезінде ешқандай қателіктерді жібермеген жағдайда қойылады. Оқылатын пән бойынша теорияларға, тұжырымдамаларға және бағыттарға сүйенеді және оларға сыни бағасын береді, басқа пәндердің ғылыми жетістіктерін қолданады.
	Қанағаттанарлық C+ (2,33; 70-74%) C (2,0; 65-69%) C- (1,67; 60-64%) D+ (1,0; 50-54%)	Егер білім алушы жауап беру кезінде нақты емес және принципіальды қателер жібергенде, оқытушы көрсеткен оқу әдебиеттермен шектелсе, материалды жүйелеуде үлкен қиындықтарға кездескен жағдайда қойылады.
	Қанағаттанарлықсыз F (0; 0-49%)	Егер білім алушы жауап беру кезінде принципіальды қателіктер жіберсе, сабақ тақырыбы бойынша негізгі әдебиеттермен жұмыс жасамаса, пәннің ғылыми терминологиясын қолдана алмаса, өрескел стилистикалық және логикалық қателіктермен жауап берген жағдайда қойылады.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы Жұмыс оқу бағдарламасы		73-11-2025 14 беттің 14 беті

1.10. Қолданылатын құрал-жабдықтар: компьютерлер, интерактивті тақта, электронды оқулықтар, т.б.

1.10.1. Негізгі әдебиеттер

1. Экономикалық және құқықтық білім негіздері : оқу құралы / Б. С. Битенова, Л. К. Мағзумова, А. А. Ахатова. - Қарағанды : АҚНҰР, 2020. - 310 бет.
2. Таскымбаева, С. М. Основы экономической теории: учеб. пособие / С. М. Таскымбаева, Ф. М. Каратаева. - Караганда : АҚНҰР, 2019. - 200 с.
3. Айдарханов, М. Х. Основы экономической теории: учебник / М. Х. Айдарханов. - 3-е изд., перераб. и доп. - Астана : Фолиант, 2022. - 432 с.
4. Тасқынбаева, С. М. Экономикалық теория негіздері : оқу құралы / С. М. Тасқынбаева ; ҚР денсаулық сақтау министрлігі; Мед. білімі мен ғыл. инновациялық технологиялар респ. орталығы; ОҚМФА. - ; Басп. ОҚМФА Әдістемелік кеңесі ұсынды. - Шымкент : "Ернияз" жарнама өндірістік фирмасы, 2021. - 136 бет. с.
5. Әубәкіров, Я. Ә. Экономикалық теория негіздері: оқулық / Я. Ә. Әубәкіров. - Алматы : Эверо, 2021. - 504 бет. с.
6. Жанысбеков М. А. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері : оқу-әдістемелік құралы / М. А. Жанысбеков, Н.А. Абдурахманов, Ә.С. Еркінбекова. - 2-ші бас. - Қарағанды : АҚНҰР, 2023. - 192 б.

1.10.2. Қосымша әдебиеттер

1. Рахыпбеков, Т. К. Денсаулық сақтау саласындағы экономикалық талдау әдістері: оқу құралы / Т. К. Рахыпбеков. - Алматы : АҚНҰР, 2020. - 340 бет
2. Джакупова, Д. Е. Денсаулық сақтау экономикасы = Экономика здравоохранения : оқу-әдістемелік құрал / Д. Е. Джакупова. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2021. - 192 б.
3. Мэнкью Грегори, Н. Экономика : оқулық / Н. Мэнкью Грегори, П. Тейлор Марк ; қаз. тіл. ауд. Л. Ә. Бимендиева [және т. б.]. - 4 - Халықаралық басылым. - Алматы : Ұлттық аударма бирасы, 2020. - 848 б.

1.10.3. Интернет-ресурс

Электронды басылымдар

1. Медициналық қызметтің экономикалық мәні және ерекшеліктері. Оспанов Р. , 2018 <https://aknurpress.kz/reader/web/2050>
2. Денсаулық сақтаудағы экономика және маркетинг. Төлебаев Ж.С., Сыздықова К.Ш., Маукенова А.А. , 2020 <https://aknurpress.kz/reader/web/1368>
3. Денсаулық сақтау экономикасы – Оқу құралы/Б.Т.Касымова, Қ.М. Сисенғалиева, Л.К. Мағзумова. – Алматы; Эверо, 2020. – 260 бет. https://www.elib.kz/ru/search/read_book/849/